

Инвотакси қызметін алушылардың санаттарын кеңейту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 6 маусымдағы № 478 /6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 маусымда № 7557-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 17 қазандағы № 906/10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 17.10.2024 № 906/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 19-бабының 20-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар;
- 2) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 3) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 4) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 5) балалар церебралды параличі бар мүгедектігі бар балалар;
- 6) өршу сатысында қатерлі ісіктерден зардап шегуші мүгедектігі бар балалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Бейсекин